

"2011 жылға арналған субсидияланатын приоритеттік ауыл шаруашылық дәнді-дақылдардың түрлері бойынша егістіктің оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы" аудан әкімдігінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі N 163 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 2 тамыздағы N 315 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 12 тамызда N 13-11-215 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 03 қаңтардағы N 02.10-07-02-02 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімі аппаратының 03.01.2013 N 02.10-07-02-02 хаты)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 2-тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. «2011 жылға арналған субсидияланатын приоритеттік ауылшаруашылық дәнді-дақылдардың түрлері бойынша егістіктің оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы» аудан әкімдігінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі № 163 қаулысына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің 2011 жылғы 10 мамырдағы № 13-11-211 Мемлекеттік тізілімінде тіркелген, 2011 жылғы 13 мамырдағы «Тайынша таңы» және 2011 жылғы 13 мамырдағы «Тайыншинские вести» газеттерінде жарияланған) келесі мазмұндағы өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда б а я н д а л с ы н .

2. Осы қаулы 2011 жылдың 29 сәуірінен туындаған құқықтық қатынастарға т а р а т ы л а д ы .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Маковский

Аудан әкімдігінің 2011 жылғы
2 тамыздағы № 315 қаулысына
қосымша

Аудан әкімдігінің 2011 жылғы
29 сәуірдегі № 163 қаулысына
қосымша

**2011 жылға арналған Тайынша ауданы бойынша субсидияланатын
приоритеттік ауыл шаруашылық дәнді-дақылдардың әрбір түрі бойынша
егістіктің оңтайлы мерзімдері**

р/с №	Дәнді-дақылдар атауы	Егістіктің оңтайлы мерзімдері
1	Жаздық бидай (орташа пісетін, орташа кеш)	17 мамыр мен 3 маусым аралығында
2	Жаздық бидай, орташа ерте	28 мамыр мен 6 маусым аралығында
3	Арпа – орташа кеш сұрыптағы	25-30 мамыр аралығында
4	Арпа – орташа пісетін сұрыптағы	30 мамырдан 5 маусым аралығында
5	Сұлы	25-30 мамыр аралығында
6	Нут	12-16 мамыр аралығында
7	Асбұршақ	25-30 мамыр аралығында
8	Қарақұмық	25-30 мамыр аралығында
9	Тары	28 мамырдан 5 маусым аралығында
10	Рапс	13-26 мамыр аралығында
11	Зығыр, қыша	17-25 мамыр аралығында
12	Арыш	25-30 мамыр аралығында
13	Май тұқымындағы күнбағыс	15-18 мамыр аралығында
14	Жасымық	20-25 мамыр аралығында
15	Картоп	18-25 мамыр аралығында
16	Сүрлемге арналған жүгері	16-20 мамыр аралығында
17	Күздік бидай	25 тамыздан 5 қыркүйек аралығында
18	Күздік қара бидай	25 тамыздан 5 қыркүйек аралығында
19	Сәбіз (тұқым)	10-15 мамыр аралығында
20	Пияз (тұқым)	10-15 мамыр аралығында
21	Қызылша	25 мамырдан 5 маусым аралығында
22	Қияр	18 мамырдан 5 маусым аралығында
23	Орамжапырақ көшеті	25 мамырдан 10 маусым аралығында
24	Қызанақ көшеті	28 мамырдан 10 маусым аралығында
Бір жылдық шөп		
25	судан шөбі, тары	1-5 маусым аралығында
Сүрлемге арналған бір жылдық шөп		
26	вика, сұлы, арпа	27-31 мамыр аралығында

27	бұршақ, сұлы, арпа	5–7 маусым аралығында
28	бұршақ, азықтар	8–10 маусым аралығында
29	бұршақ, сұлы, судан шөбі	8–10 маусым аралығында

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ